

Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын 2002-2003 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде электрмен жабдықтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 желтоқсан N 1298.

2002-2003 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын электрмен тұрақты жабдықтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының энергетикалық тәуелсіздігі мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.11. N 1123 қаулысымен .

2. Жамбыл облысының әкімі "KEGOC" ААҚ-тың есеп айырысу шотына Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын электрмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шаралар туралы" 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 1649 және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 1649 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2002 жылғы 19 наурыздағы N 334 қаулыларымен бөлінген және 2001-2002 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде ЖМАЭС-тың іске қосылуы мен тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етумен байланысты шығыстарды қаржыландыру үшін көзделген қаражаттың қалдығын аударсын.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі "KEGOC" ААҚ-қа ЖМАЭС үшін отын сатып алу және Оңтүстік Қазақстанның тұтынушылары үшін ЖМАЭС шиналарынан электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға рұқсат етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі